

## Уржар ауданының Құрмет грамотасымен наградтау ережесін бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Уржар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 11 қазандағы № 45-499/VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 17 қазанда № 6211 болып тіркелді.

**Ескерту.** Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда – Абай облысы Уржар аудандық мәслихатының 01.12.2023 № 7-181/VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

ЗКАИ-ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 12-3) тармақшасына сәйкес, Уржар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Уржар ауданының Құрмет грамотасымен марапаттау туралы ереже бекітілсін (коса берілген).
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Уржар аудандық мәслихатының хатшысы

А. Саматеев

К. Карапшев

Уржар аудандық мәслихаттың

2019 жылдың 11 қазандағы

№ 45-499/VI шешімімен

бекітілген

## Уржар ауданының Құрмет грамотасымен марапаттау туралы ережесі

**Ескерту.** Қосымша жаңа редакцияда – Абай облысы Уржар аудандық мәслихатының 01.12.2023 № 7-181/VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Осы Уржар ауданының Құрмет грамотасымен наградтау ережесі Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын жүзеге асыру мақсатында әзірленіп, Уржар ауданының Құрмет грамотасымен наградтау және табыс ету тәртібін анықтайды.

2. Уржар ауданының Құрмет грамотасымен (бұдан әрі-Құрмет грамотасы) қызыметтік бабындағы міндеттерін үлгілі атқарғаны үшін, ұзақ әрі мінсіз қызыметті, экономикадағы, әлеуметтік саладағы, мәдениет және білім беру, денсаулық сақтау, зандылықты, құқық қорғау, нығайту, қызмет көрсету саласындағы, қоршаған ортаны қорғау, жастарға тәрбие беру, дene шынықтыру мен спорттағы, әскери, қоғамдық,

мемлекеттік және өзін-өзі басқару қызметтеріндегі маңызды жетістіктері үшін, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты және мәдени байланысты нығайтудағы жемісті жұмысы үшін, қайырымдылық қызметі және еңбек қызметіндегі басқа да жетістіктері үшін аудан азаматтары наградталады.

3. Үржар ауданының аумағында достық пен қоғамдастық ынтымақтастықтың нығаюына, әлеуметтік және экономикалық саясаттың іске асырылуына қомақты үлесін қосқаны үшін Үржар ауданының Құрмет грамотасымен наградтауға ұсынымдар еңбек және шығармашылық ұжымдармен, аудандық өкілді және атқарушы органдармен, қоғамдық бірлестіктермен енгізіледі.

4. Наградтау парагында марапатталушының жеке басын, осы ұжымдағы жұмысының жалпы еңбек өтілін және оның сінірген еңбектерін сипаттайтын мәліметтер мазмұндалады.

Наградтау парагына ұйымның, мемлекеттік органның басшысы қол қояды және елтаңбалы мөрмен (бар болған жағдайда) бекітеді.

### **Құрмет грамотасының сипаттамасы**

5. Құрмет грамотасының формасы:

мемлекеттік тілінде: "Үржар ауданының Құрмет грамотасы";

орыс тілінде: "Почетная грамота Урджарского района".

Құрмет грамотасы, сыртқы жағында Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік тілінде "Құрмет грамотасы" және орыс тілінде "Почетная грамота" жазулары бар қосымша жапсырмасы бар көгілдір түсті папкадан тұрады.

6. Қосымша бет қалың жылтыр қағаздан екі жағына алтын түсті өрнек салынған, баспахраналық әдіспен бұқтелмеген күйде орындалады.

7. Қосымша беттің сол жағының үстіңгі бөлігінде Қазақстан Республикасының желбіреген Мемлекеттік туының бейнесі, бейненің астында "ҮРЖАР АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ" деген жазу бар.

8. Қосымша беттің оң жағында Қазақстан Республикасының желбіреген Мемлекеттік туының бейнесі, бейненің астында наградталушының аты-жөнін, тегін және еңбегін көрсету үшін орын қалдырылған, әрі қарай "Үржар ауданының әкімі" және "Үржар аудандық мәслихатының төрағасы" мәтіні орналастырылған, қол қоюға, аты-жөнінің бірінші әріптерін көрсетіп, тегін, төменгі жағында тапсырылған күнін көрсетуге орын қалдырылған.

### **Құрмет грамотасымен наградтау тәртібі**

9. Құрмет грамотасымен наградтау бойынша келіп түскен құжаттар алдын ала қарau және марапаттау жөнінде ұсыныс әзірленуі үшін аудан әкімі жаңында құрылған комиссияға жіберіледі.

10. Комиссияның оң қорытындысына сәйкес аудан әкімі мен аудандық мәслихат төрағасының (немесе олардың міндеттерін атқарушылар) Құрмет грамотасына қол қояды.

11. "Үржар ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі құжаттамалық және өзге де қамтамасыз ету шараларын, сондай-ақ Құрмет грамотасымен наградталған азаматтардың есебін жүргізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК